КАЗАХСТАН – КРУПНЕЙШАЯ ЭКОНОМИКА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И ОДИН ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ПАРТНЕРОВ США В РЕГИОНЕ. ПОЭТОМУ АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ МАРШРУТЫ, ТАКИЕ КАК ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ КОРИДОР, ИМЕЮТ ДЛЯ НАШЕЙ СТРАНЫ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ. ФОРУМ ПО РАЗВИТИЮ ТРАНСПОРТНЫХ МАРШРУТОВ МЕЖДУ ЕВРАЗИЕЙ И США ЕЩЕ РАЗ ПОКАЗАЛ ВЫСОКИЙ ИНТЕРЕС АМЕРИКАНСКОЙ СТОРОНЫ К РАЗВИТИЮ ТАКИХ НАПРАВЛЕНИЙ, ПОСКОЛЬКУ ОНИ ПОЗВОЛЯЮТ ОБЕСПЕЧИВАТЬ СТАБИЛЬНЫЕ ПОСТАВКИ КРИТИЧЕСКИ ВАЖНЫХ МИНЕРАЛОВ, УРАНОВОЙ ПРОДУКЦИИ И ДРУГИХ ТОВАРОВ ИЗ НАШЕГО РЕГИОНА НА РЫНОК США.

Назира НУРБАЕВА,
генеральный консул Казахстана в Сан-Франциско




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№40 (3187)
26/05/2026


## ҚТЖ: БАҒЫТ – АЙҚЫН, МАҚСАТ – АНЫҚ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті. Онда Қазақстан темір жолының барлық салаларының даму бағыты мен қарқыны, енгізіліп және жүзеге асырылып жатқан жобалары туралы егжей-тегжей ақпарат берілді.**

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана



Әл-ауқат қоры мен ҚТЖ басшылары, парламент депутаттары, сарапшылар мен қоғам өкілдері қатысқан жиында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов компанияның 2025 жылғы және 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмыс қорытындылары жайлы баяндап, дамудың басым бағыттарын атап өтті. 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚТЖ-ның барлық негізгі көрсеткіштері бойынша өсім байқалады. Жүк айналымы 7%-ға, тасымал көлемі 6%-ға, транзит 20%-ға, экспорт 7%-ға артқан. Компанияның кірісі 27%-ға, ал таза пайдасы 2,1 есеге өскен. Оң динамика 2026 жылдың бірінші тоқсанында да сақталған. ҚТЖ тартқыш жылжымалы құрамды жаңартуды жалғастырып жатыр. 2023-2025 жылдары 433 локомотив сатып алынды. Локомотив паркінің орташа тозу деңгейі 66%-дан 58%-ға дейін төмендеп, өнімділік артты және пойыз қозғалысының жағдайы жақсарды. Жолаушылар паркін жаңарту жұмыстары да жалғасуда.

Ұлттық компания теміржол инфрақұрылымын дамытудың ауқымды бағдарламасын іске асыруда. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы шамамен 900 шақырым болатын жаңа желілердің құрылысы және ұзындығы 3 мың шақырымға жуық учаскелерді автобұғаттау жүйесін енгізе отырып жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Негізгі жобалардың қатарында Дарбаза – Мақтаарал, Мойынты – Қызылжар, Бақты – Аягөз желілері мен Алматы станциясының айналма желісі бар. Жаңғыртылған бірқатар учаскелер, оның ішінде Қызылжар – Сексеуіл, Алтынкөл – Жетіген және Ақсу – Жаңа-Семей бағыттары мерзімінен бұрын пайдалануға берілді. Басқарма төрағасы компаниядағы цифрландыру жұмысының негізгі бағыттары туралы да ақпарат берді.

– ҚТЖ-ның бағыты айқын, мақсаты анық. Мәселен, орта мерзімді перспективадағы ҚТЖ басымдықтарына тоқталатын болсақ, олардың қатарына операциялық процестерді цифрландыру, халықаралық көлік дәліздерін дамыту, вокзал инфрақұрылымын жаңғырту, жолаушылар жылжымалы құрамын жаңарту, теміржол инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту кіреді, – деп атап өтті ҚТЖ басшысы.

Отырыстан соң спикерлер БАҚ өкілдері үшін арнайы брифинг өткізіп, басқарма төрағасы және оның орынбасарлары өз салалары бойынша журналистер сұрақтарына жауап берді.

### «КҮТУ ПАРАҒЫНЫҢ» КӨМЕГІ КӨП

**2026 жылдың басынан бастап «Күту парағы» қызметі арқылы жолаушыларға 84 мың бос орын ұсынылып, оның ішінде 28 мыңнан астам билет рәсімделген.**



Қызмет іске қосылған сәттен бастап жолаушыларға 2,4 млн орын ұсынылып, 872 мың билет сатып алынған. Сервис қажетті пойызға орын болмаған жағдайда электрондық кезекті рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бос орын пайда болған жағдайда жолаушыға жеке кабинетте ескертпе және билетті сатып алу қажеттілігі туралы SMS-хабарлама келіп түседі. Өтінішті bilet.railways.kz сайты және «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассалары арқылы бере аласыз. Өтінім пойыз жөнелтілгенге дейін 7 тәуліктен ерте емес және 1 сағаттан кешіктірілмей ресімделеді. Кезек біреудің араласуынсыз автоматты түрде қалыптасады. Жүйеде билеттерді жаппай іздеуден және сатып алудан қорғау тетіктері жұмыс істейді. Қосымша ақпаратты 1433 тегін нөмірі және Instagram: @jolaushylar_tasymaly арқылы алуға болады.

*Нұрбек БЕКЕН*



**Нұрлан БЕГӘДІЛОВ,**
Семей магистральдық желі бөлімшесі техникалық бөлімінің бастығы:

«ЖАЛПЫ АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТАРЫ – ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ ҚАР ҮЙІНДІЛЕРІ ЖОҒАРЫ БОЛАТЫН ӨҢІР. БӨЛІМШЕ ЖОЛДАРЫНЫҢ ШАМАМЕН 41%-Ы ҚАР БАСУ ҚАУПІНЕ ҰШЫРАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ҚАТАҢ МАУСЫМДАҒЫ ПОЙЫЗ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІ ҚАЗІРДЕН БАСТАДЫҚ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА 2026 ГОДА ЛОКОМОТИВНЫЙ ПАРК ҚТЖ ПОПОЛНИЛСЯ

**72**

ЕДИНИЦАМИ НОВОЙ ТЯГОВОЙ ТЕХНИКИ.

В ПЯТИ РЕГИОНАХ СТРАНЫ БЛИЗИТСЯ К ЗАВЕРШЕНИЮ МОДЕРНИЗАЦИЯ

**20**

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛОВ.

ЗА ЧЕТЫРЕ МЕСЯЦА 2026 ГОДА ПЕРЕВЕЗЕНО

**6,3 млн тонн**

НЕФТЯНЫХ ГРУЗОВ.

## Актуально

## В ИНТЕРЕСАХ ОБЩЕСТВА

**Конституционные реформы и их значение для дальнейшего развития Казахстана стали основной темой встречи коллектива АО «Пассажирские перевозки» с депутатами обеих палат Парламента РК в Астане.**



**Любовь РОВБА,**
Астана

Мероприятие прошло в гибридном формате и объединило более 200 руководителей и работников структурных подразделений и филиалов АО «Пассажирские перевозки» из разных регионов страны.

Приветствуя участников тематической встречи, председатель правления АО «Пассажирские перевозки» Дияр Нусипкожанов подчеркнул, что Конституция является основным государственным гарантом прав и свобод граждан, а также документом, определяющим стратегическое развитие Казахстана.

– Изменения и дополнения, принятые по итогам республиканского референдума в марте 2026 года, получили широкую поддержку населения и стали важным этапом политических реформ в стране, – подчеркнул он. – В системе АО «Пассажирские перевозки» трудятся более 10 тысяч работников, поэтому вопросы разъяснения конституционных норм и повышения правовой грамотности имеют для нашего коллектива особое значение.

Депутаты Мажилиса Парламента РК Айдос Сарым и Болат Керимбек, а также депутат Сената Парламента Галиаскар Сарыбаев рассказали участникам о законотворческой работе по практической реализации норм новой Конституции, принятой на республиканском референдуме 15 марта 2026 года, ключевых изменениях и социально-экономических реформах. Особое внимание было уделено модернизации системы государственного управления и усилению роли граждан в общественно-политических процессах страны, совершенствованию системы защиты прав человека и развитию механизмов общественного контроля.

– Ценности, закрепленные в Конституции, являются основой существования государства и сплоченности общества. Независимость, государственный суверенитет, территориальная целостность и национальное единство представляют собой не просто формальные принципы, а осознанный исторический выбор народа и ключевое направление дальнейшего развития страны, – отметил Айдос Сарым.

В ходе мероприятия депутаты подробно ответили на многочисленные вопросы работников АО «Пассажирские перевозки», касающиеся практического применения новых норм Конституции.

Участники встречи проявили высокий интерес к принятым изменениям и их влиянию на дальнейшее развитие Казахстана и выразили гостям благодарность за открытый диалог и возможность подробно ознакомиться с правовыми конституционными реформами.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

### КАЧЕСТВО ПУТИ – В ПРИОРИТЕТЕ

**В Северном регионе продолжаются активные работы по ремонту железнодорожного пути. На ключевых участках сети ведется капитальный и усиленный средний ремонт, а также замена рельсовых плетей и рельсовых опор. С начала года всеми видами ремонта обновлено уже 80 километров пути.**

Работы направлены на повышение безопасности движения поездов, увеличение пропускной способности и обеспечение стабильной работы инфраструктуры в период возрастающих перевозок.

Капитальный ремонт пути в текущем сезоне развернут на шести участках сети. В перечень вошли станции Макинка, Астана – Сороковая, Кушмурун – Койбагор, Костанай – разъезд Алкау – Шоккарагай, Ерейментау – Коржункуль, а также Сороковая – Сары-Оба. На ряде направлений работы уже завершены в полном объеме.

Так, на станции Макинка капитально отремонтировано два километра пути. На участке Астана – Сороковая – ОП42 обновлено 13 километров, на направлении Кушмурун – Койбагор – 12 километров, а на участке Ерейментау – Коржункуль – пять километров пути.

Продолжаются работы и на других объектах. На участке Костанай – разъезд Алкау – Шоккарагай выполнено 14 километров ремонта из запланированных 26. На направлении Сороковая – Сары-Оба железнодорожники обновили первый километр из предусмотренных 18.

Параллельно в регионе выполняются и другие виды путевых работ. Усиленнный средний ремонт проведен в объеме 6 километров на станционных путях Ерейментау, Сороковой, Астаны, Екибастуза-2 и станции Танкерис. Кроме того, произведена смена сплошных рельсовых опор на участке Селеты – Алтынтау протяженностью пять километров.

Особое внимание уделяется обновлению верхнего строения пути. С начала года в Северном регионе выполнена смена рельсовых плетей в объеме 11 километров, а также произведена замена рельсов «тип на тип» протяженностью один километр.

Как отмечают специалисты, работы по ремонту путей проходят в соответствии с утвержденным графиком. Комплексное обновление инфраструктуры позволит повысить надежность железнодорожного полотна, обеспечить бесперебойное движение поездов и создать необходимые условия для дальнейшего роста объемов перевозок в регионе.

*Руслан РАХМЕТОВ*

## ТАСЫМАЛДЫ ДАМЫТУҒА МҮДДЕЛІ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов «Ўзбекистон темир йўллари» АҚ басқарма төрағасы Зуфар Нарзуллаевпен кездесу өткізді. Тараптар Қазақстанның Ақтау мен Құрық порттары бағытындағы тасымалды дамыту, сондай-ақ екі елдің теміржол инфрақұрылымын үйлесімді дамыту мәселелерін талқылады.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

Соңғы 10 жылда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы теміржол арқылы жүк тасымалы 76%-ға өсіп, 2015 жылғы 19 млн тоннадан 2025 жылы 33 млн тоннаға жетті. Өзбекстанға және осы елден Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік тасымал көлемі де айтарлықтай артып, 7 млн тоннадан 18 млн тоннаға дейін ұлғайды. 2026 жылдың алғашқы төрт айында екі ел арасындағы жалпы жүк тасымалы 13 млн тоннадан асып, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36%-ға өскен.

Кездесуде жүк ағынын одан әрі арттыруға бағытталған инфрақұрылымды дамыту мәселесіне ерекше назар аударылды. «ҚТЖ» биыл «Дарбаза – Мақтаарал» стратегиялық жобасын аяқтауды жоспарлап отыр. Осыған байланысты тасымалдардың өткізу қабілеті мен тиімділігін арттыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды өзбек тарапымен үйлестіре жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді.

Қазіргі таңда Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісінің құрылысы аясында жобаның ең ірі инженерлік нысандарының бірі – ұзындығы 500 метрден асатын Сырдария өзені арқылы өтетін металдық теміржол көпірі салынып жатыр. Бұл алты аралықты көпір – күшейтілген құрылысы бар күрделі инженерлік құрылым. Екі жағалау аралығының ұзындығы – 66 метр, ал төрт аралықтың ұзындығы – 88 метр. Жағалаудағы тіректердегі іргетастың бұрғылау қадаларының тереңдігі 38 метрге жетеді, өзен арнасында – 41 метрге дейін. Бұл объектінің жоғары төзімділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні бес аралықты монтаждау аяқталып, соңғы 88 метрлік аралық құрылысты орнату жалғасуда. Жаңа көпір Қазақстанды Өзбекстанмен байланыстыратын 152 шақырымдық теміржол желісінің маңызды бөлігіне айналады. Бұл күрделі көпір құрылысын қазақстандық құрылыс компаниясы мамандары жүзеге асыруда.

Сонымен қатар «ҚТЖ» Каспий теңізіндегі порт инфрақұрылымын дамыту жұмыстарын жалғастыруда. Мәселен, Құрық портында түбін тереңдету жұмыстары аяқталса, Ақтау портындағы осындай жұмыстарды биылғы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Сапар аясында Өзбекстанның іскер топ өкілдерімен көлік-логистика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері бойынша кездесу өтті.

rail-news.kz

№40 (3187) 26/05/2026

# КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

**Ұлан ОРАЗ,**
Алматы

ӘЛЕУМЕТ

**Елордада XI қалалық «WorldSkills Astana-2026» кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға және техникалық-кәсіптік білім беру саласындағы үздік тәжірибелерді насихаттауға бағытталған ауқымды шарада электровозды басқару, теміржол көлігіндегі тасымалдау процесін басқару салалары да қамтылған.**

Биылғы чемпионатқа 55 құзыреттілік бойынша 347 қатысушы бақ сынауда. Сонымен қатар жарыстың әділ әрі сапалы өтуін қамтамасыз ету мақсатында 291 сарапшы тартылған. Атап айтқанда, веб-технологиялар, мобильді қосымшаларды әзірлеу, желілік және жүйелік әкімшілендіру, ақпараттық қауіпсіздік, бизнестегі IT шешімдер, АКТ желілерінің инфрақұрылымы, мехатроника, мобильді робототехника, өнеркәсіптік автоматика, электроника, дәнекерлеу технологиялары, СББ станоктарындағы токарлық және фрезерлік жұмыстар, зертханалық және химиялық талдау, кірпіш қалау, сантехника және жылыту, құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары, плиткамен қаптау, электрмонтаждау, әрлеу және сәндік жұмыстар, графикалық дизайн, сән технологиялары, компьютерлік ойындарды 3D модельдеу, жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану, аспаз және кондитерлік іс, шаштараз өнері, наубайхана ісі, прототиптеу, мейрамхана қызметі, бастауыш сыныптарда оқыту, шанақ жөндеу, ағаш шеберлігі, кәсіпкерлік, E-mobility, қонақүй әкімшілігі, флористика, мобилография, мектепке дейінгі білім беру, бейнемонтаж, бұлттық бағдарламалау, электровозды басқару, теміржол көлігіндегі тасымалдау процесін басқару, Industry 4.0, ландшафтық дизайн және интернет-маркетинг бағыттары қамтылған. Бүгін жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, марапатталады.

# 60 САҒАТТЫҚ «ТОЛАСКЕЗ»

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Павлодар

ЖОЛ ЖӨНДЕУ

**Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне қарасты ОП-116 – Шідерті аралығында «ҚТЖ» орталық аппараты қызметкерлерінің қатысуымен теміржол жолын жаңғыртуға арналған екінші көрсетілімдік технологиялық «толаскез» өткізілді.**



Іс-шара өндірістік тәжірибе алмасу, жол жөндеудің заманауи технологияларын таныстыру және жол техникасын тиімді қолдану мақсатында ұйымдастырылды. 60 сағатқа созылған технологиялық «толаскез» аясында тақ жолдың 263-266 шақырым учаскесінде темірбетон шпалдарын жаппай ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қатысушыларға жол жөндеу жұмыстарының толық циклі көрсетілді. Мәселен, 5520 темірбетон шпалын төсеу, аралық бекітпелерді орнату және тарту, қиыршықтас балластын терең тазарту, жаңа қиыршықтасты мөлшерлеп төсеу, түйіспелерді электрконтактылы әдіспен дәнекерлеу, үш шақырым жолды түзету, таптау, ажарлау және тұрақтандыру жұмыстары іске асырылды.

Жол жөндеу жұмыстарына SMD-80 кешені, RM-80 қиыршықтас тазарту машинасы, ЭЛБ-4С электрбалластері, ВПО-С машинасы, Duomatic кешені және ПРСМ-4 рельс дәнекерлеу машинасы сияқты заманауи жол техникалары жұмылдырылды. Іс-шара қорытындысында жол жөндеу технологияларын жетілдіру және жөндеу жұмыстарының сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

# САПА СТАНДАРТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА

АЙМАҚ

**Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы қызметкерлерінің тынымсыз еңбегі болат жолда қауіпсіздік пен сапаның жаңа стандартын қалыптастыруда. Мұны дистанция ұжымының 2026 жылдың алғашқы төрт айында қол жеткізген жоғары өндірістік көрсеткіштерінен байқауға болады.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда





Дистанция бастығы Әбдірахман Сырғабаевтың сауатты басқаруы және қызметкерлердің кәсіптеріне деген адалдығының арқасында ағымдағы жылдың төрт айында пойыз және маневрлік жұмыстар барысында бірде-бір апатты оқиғаға немесе инцидентке жол берілмеген. Техникалық құрылғыларды күтіп ұстау және оларға дер кезінде жоғары деңгейде сервистік қызмет көрсету өз жемісін беріп, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 11 ақау биыл 6 бірлікке дейін азайған. Тілсіз техниканың осындай қатесіз жұмыс істеуінің артында құрылғыны баптап, үнемі бақылауда ұстайтын СОБ мамандарының еңбегі тұр. Мәселен, есепті кезеңде пойыз құрамының қоршау шегінен шығып кетуін бақылайтын УКСПС және жүктің габаритсіздігін анықтайтын КГУ құрылғылары бойынша 1 іске қосылу жағдайының тіркелуі жүйенің дер кезінде ықтимал қауіптің бетін қайтарып, үлкен апаттың алдын алғанын көрсетеді. Заман талабына сай болат жолдың бойындағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында негізгі құралдарды есептен шығару бойынша 4 жағдайдың тіркелуі де дистанцияның ескірген құрылғылардан арылып, орнына сенімділігі жоғары, жаңа үлгідегі заманауи автоматтандырылған жүйелерді енгізуге бет бұрғанын, яғни даму мен жаңарудың айқын белгісін көрсетеді.

Әсіресе сәуір айы дистанция үшін нағыз еңбек майданына айналды. Мұнда 2025 жылғы 4 ақаудан биылғы сәуірде мүлдем «нөлдік» көрсеткішке қол жеткізу оңай жұмыс емес еді. Дистанцияда 30-40 жылдан асқан ескі үлгідегі ЭЦ құрылғылары, бағыттамалық бұрма мен жүздеген шақырымға созылған кабель желілері болса да, теміржолшылардың рухы мен кәсібилігі тозған жоқ. Осы айда техникалық қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін таныта отырып, Шиелі мен Белкөл станцияларында маневрлік және кіріс бағдаршамдарының монтажы мен батарея шкафтары толық жаңартылды. Бақтысай, Төретам, Қызылтам бекеттерінде трансформатор жәшіктері мен жол қораптары ауыстырылып, қауіпсіздік қалқаны күшейтілсе, Қызылорда мен Жайылма станциясында бағыттамалы бұрмалардың электржетектері мен монтаждары ең озық технологияларды қолдану арқылы қайта жасақталды.

Дистанция бастығы Әбдірахман Сырғабаев әрбір есепті кезеңнің қорытындысына тек құрғақ сандар тұрғысынан емес, адамның кәсібилігі тұрғысынан қарайды. Ол теміржолшылардың еңбегіне ризашылық айтып, ұжымға алғысын білдірді.

Шынында да, дистанция қызметкерлері үшін әрбір бағыттамалы бұрма, әрбір бағдаршам мен кабель желісі жай ғана темір мен сым емес. СОБ құрылғысының кез келген секундтық іркілісі тек бір станцияның ғана емес, бүкіл Сыр өңірі мен аймақ теміржолшыларының жұмысына нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы ұжымының басты қағидаты, мінсіз қызмет көрсету арқылы қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, сапалық және сандық көрсеткіштердің үдесінен көріне білу.

*Суреттерді түсірген автор*

# ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ЖАҢАРУЫ – ӨҢІРДІҢ ДАМУЫ

**Ақтөбе өңіріндегі теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары соңғы жылдары жаңа қарқын алды. Бұл бағыттағы ауқымды жобалар жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігін арттырып қана қоймай, өңір экономикасына серпін беріп, жергілікті халықты жұмыспен қамтуға да елеулі үлес қосуда.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Қазіргі таңда өңірде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы «Теміржол жөндеу» ЖШС-мен бірлесіп, Қандыағаш – Тобыл аралығында автобұғаттау жүйесі бар теміржол құрылысын жүргізуде. 2025 жылдың сәуір айынан басталған жоба аймақтың транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды инфрақұрылымдық бастамалардың бірі саналады.

### ЖАҢА РАЗЪЕЗДЕР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

«Қандыағаш-Тобыл» жобасы аясында 7 жаңа разъезд салу, 2 теміржол станциясын жаңғырту, сондай-ақ Қандыағаш және Никельтау айналма жолдарын салу көзделген.

– Бұл жобалардың басты мақсаты – теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру және қозғалыс қауіпсіздігін күшейту. Қазіргі таңда Қандыағаш – Тобыл бағытындағы құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Жоба аясында жаңа разъездер салынып, станциялар жаңғыртылуда. Ең бастысы, бұл жұмыстар жергілікті халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік беріп отыр. Қазір нысандарда жүзге жуық адам еңбек етуде. Алдағы уақытта жаңа нысандар іске қосылған соң тұрақты жұмыс орындары да ашылады, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев.

Қазіргі таңда құрылыс алаңдарында жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Нысандарда 100-ге жуық адам еңбек етуде, ал 10 шақты мердігер компания кабель төсеу жұмыстарын атқаруда. Бұл өңірдегі құрылыс, техникалық және байланыс саласындағы мамандар үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік беріп отыр.

Бөріхан Сматуллаұлының айтуынша, жобаның басты мақсаты – теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру. Қазір Қандыағаш – Никельтау бағытында тәулігіне 15 жұп пойыз қатынаса, жоба толық іске қосылғаннан кейін бұл көрсеткіш 25 жұп пойызға дейін өседі. Сол сияқты Никельтау – Әйтеке би бағытында қазіргі 7 жұп пойыз саны 25 жұпқа дейін ұлғайтылмақ. Бұл өз кезегінде жүк айналымын көбейтіп, экспорттық-логистикалық әлеуетті арттыруға жол ашады. Құрылыс жұмыстарының орындалу деңгейі де жоғары. Бүгінде кабель төсеу жұмыстары 86,2 пайызға, жол төсеу жұмыстары 89 пайызға, ал бағыттағыш бұрмаларды орнату көлемі 89 пайызға орындалған. Жобаны биылғы 1 шілдеден бастап пайдалануға беру жоспарланып отыр.

### ВОКЗАЛДАРДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты вокзалдар мен платформаларды жаңарту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2026 жылғы 18 мамырдағы мәлімет бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары бірқатар нысандарда жоғары деңгейде орындалған. Атап айтқанда, Орал вокзалындағы жұмыстар 95 пайызға, Қазақстан станциясында 96 пайызға, ал Шыңғырлау вокзалында 99 пайызға аяқталған. Ақтөбе вокзалында 60 жұмысшы мен 7 арнайы техника жұмылдырылса, Орал станциясында 85 адам мен 8 техника еңбек етуде. Жалпы өңір бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының орташа орындалу көрсеткіші 66 пайызды құрап отыр.

### ҚОЗҒАЛЫС КӨЛЕМІ АРТАДЫ

Теміржол инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жұмыстар мұнымен шектелмейді. «Теміржол жөндеу» мекемесінің жоспарына сәйкес биыл Орал, Никельтау, Қандыағаш және Біршоғыр жол дистанцияларында 56,9 шақырымнан астам жол күрделі жөндеуден өтеді. Оның ішінде Қандыағаш жол дистанциясында Бақай – Тоқмансай және 312-313 разъезд аралықтарында 25 шақырымнан астам жол жаңартылады.

Жөндеу барысында 98 бағыттамалы бұрма ауыстырылып, ескі рельс желілері жаңартылады, рельс дәнекерлері қалпына келтіріледі. Сонымен бірге балласт қабатын терең тазарту және теміржол қоршауларын жөндеу жұмыстары атқарылуда. Қазіргі таңда кейбір жұмыстар жоспардан да асыра орындалған. Мәселен, балласт қабатын тазарту көлемі жоспарланған 10 шақырымның орнына 11,4 шақырымға жеткен.

Сондай-ақ Қандыағаш, Шалқар, Илецк және Орал учаскелерінде сигнализация және байланыс құрылғыларын жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бұл теміржол қозғалысының қауіпсіздігін күшейтіп, тасымал сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған жобалардың жүзеге асуы Ақтөбе өңірінің көлік-логистикалық мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті халықтың табысын арттыруға және өңір экономикасының тұрақты дамуына оң әсер етеді.

# ШЕКАРАМАҢЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ НЫҒАЮДА

КӘСІПОДАҚ

**«Қазтеміржолкәсіп» КБ Жамбыл филиалының ұйымдастыруымен Тараз қаласында «Қазақстан және Қырғызстан Республикасы теміржолшылары кәсіподақтарының шекарамаңы ынтымақтастығы» тақырыбында семинар өтті.**




**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Теміржолшылар кәсіподағының республика көлемінде қолға алған бастамалары мен қол жеткізген жетістіктері Жамбыл филиалының жұмыс тәжірибесі арқылы жан-жақты көрініс тапты.

Семинардың ашылуында «Қазтеміржолкәсіп» КБ Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев ауқымды іс-шараның мәні мен маңызына тоқталды. Кәсіподақтардың әріптестік байланысын нығайту, өзара тәжірибе алмасуды көздеген екі күндік іс-шараға Жамбыл бөлімшесіндегі бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары мен Қырғыз елінен келген бір топ делегация қатысты.

«Қазтеміржолкәсіп» КБ төрағасының кеңесшісі Жұпарбек Сәбитов, «Қырғызпрофсож» төрағасының орынбасары Нургазы Нусубалиев теміржолшылар кәсіподақтарының шекарамаңы ынтымақтастығы туралы сөз қозғап, мұндай семинар алғаш рет өткізіліп отырса да, екі ел арасындағы бауырластық, әріптестік байланыстардың тамыры тереңде жатқанын атап өтті.

Жұпарбек Абзалбекұлы 120 жылдық тарихы бар теміржолшылар кәсіподағының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың шеңберінде жұмыс берушілер мен жұмысшы арасындағы құқықтық-әлеуметтік мәселелердің шешімін табуға қалай қол жеткізгенін нақты мысалдармен түсіндірді. Ал Нургазы Эсенбекулы «Қытай – Қырғызстан – Өзбекстан» темір жолы құрылысының ішкі жол учаскелерін дамытуға ықпал етіп отырғанын атап өтіп, биыл Кочкор станциясы пайдалануға берілетінін, бұл кәсіподақ ұйымының жауапкершілігін арттыра түсетінін жеткізді.

– Қазақстан және Қырғызстан Республикасы теміржолшылары кәсіподақтарының арасындағы ынтымақтастықты арттыру үшін екі елдің салалық кәсіподақтарының төрағалары жыл басында Меркі жерінде кездесті. Онда Шекара маңындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Ал бүгінгі ауқымды іс-шара – осы екіжақты келісімнің, достық, іскерлік қарым-қатынастың айшықты жалғасы. Біз осы семинарды ұйым- дастыру арқылы құрмет, теңдік, тату көршілікті, екі елдің кәсіподақтарының шекаралас аймақтардағы ынтымақтастығын арттыруды көздеп отырмыз, – дейді «Қазтеміржолкәсіп» КБ Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев.

Екі күнге созылған семинардың бағдарламасы маңызды тақырыптарды қамтыды. Екі тарап өздерінің кәсіподақ ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру және үйлестірудегі тәжірибелерімен бөлісті. «Қазтеміржолкәсіп» КБ Жамбыл филиалы төрағасының орынбасары Еркін Утешов филиал құрылымына, Қазақстан Республикасының кәсіподақтары туралы заң актілеріне тоқталып, кәсіподақ ұйымының жұмыс берушілермен жасасқан «Ұжымдық шарт» шеңберінде қандай мүмкіндіктерге қол жеткізілгенін айтып берді. Мемлекет кәсіподақтарды қалай қорғайтынын қозғады. «Қырғызпрофсождың» бас әдіскері Мира Керимбаева қазіргі таңда 39 бастауыш ұйымды қайта құрылымдау арқылы саннан сапаға көшу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Көрші қырғыз елінде теміржолшылар кәсіподақтарының қаржылық қызметінде бірқатар айырмашылықтар бар екен. «Қырғызпрофсож» бас бухгалтері Маргарита Наумова кәсіподақтар федерациясынан берілетін пайыздық үстеме 2020 жылдан бері тоқтап қалғанын, қаржыландыру мүшелік жарна арқылы ғана жүретінін айтты.

Семинардың екінші күніндегі бағдарлама ашық диалог форматында өрбіп, екі тараптың қатысушылары кәсіподақтарға ортақ мәселелерді талқылады. Ынтымақтастықты арттыру жөніндегі ұсыныстарымен бөлісті. Қырғыз елінен келген қонақтар осындай маңызды әрі ауқымды іс-шараны ұйымдастырғаны үшін ризашылықтарын жеткізді.

№40 (3187) 26/05/2026

## Интервью

# ОБНОВЛЕНИЕ, КОТОРОЕ ОЩУЩАЕТ КАЖДЫЙ ПАССАЖИР

**Развитие пассажирских перевозок в Казахстане сегодня связано не только с обновлением подвижного состава, но и с комплексной модернизацией сервиса, цифровых решений и стандартов обслуживания. За последние годы на сети появились сотни новых вагонов отечественного производства, внедряются современные мультимедийные сервисы, расширяются возможности для маломобильных пассажиров, а также усиливается контроль качества и безопасности перевозок.**

О том, как меняется пассажирский комплекс страны, какие технологии уже работают в поездах и какие направления станут приоритетными в ближайшие годы, рассказал директор департамента по сервису АО «Пассажирские перевозки» Айтпай Саликов.

**– Обновление вагонного парка идет высокими темпами. На каком этапе сейчас находится данная работа и каковы приоритеты на ближайшие годы?**

– АО «Пассажирские перевозки» продолжает масштабное обновление вагонного парка. В рамках заключенных контрактов в период с 2022 по 2026 год уже поставлено 436 пассажирских вагонов производства ТОО «ЗИКСТО», выпускаемых по технологии Тверского вагоностроительного завода. Из них 418 – стандартные пассажирские вагоны и еще 18 – вагоны моторвагонного подвижного состава (МВПС).

Также в 2026 году с ТОО «ЗИКСТО» заключен договор на приобретение еще 131 вагона. В текущем году ожидается поставка 51 единицы подвижного состава. Ранее, в 2025 году, в рамках данного контракта уже было поставлено 80 вагонов.

В рамках планируемых поставок подвижного состава до 2030 года парк будет существенно обновлен современными и комфортабельными вагонами казахстанского производства.

Закуп новых вагонов в целом положительно повлиял на качество пассажирских перевозок. Повысился уровень комфорта: все новые вагоны оснащены системами кондиционирования воздуха, биотуалетами, улучшенными купе, розетками и другими современными решениями. Кроме того, снизилось количество обращений и жалоб, связанных с техническим и санитарным состоянием вагонов. В рамках повышения качества перевозок в первоочередном порядке были обновлены поезда дальнего следования.

**– Чем новые вагоны, включая серию «45» от RWS Wagon, отличаются с точки зрения комфорта и технического оснащения?**

– Для обеспечения комфорта пассажиров вагоны оборудованы системами кондиционирования воздуха, видеонаблюдения, устройствами для обеззараживания рециркуляционного воздуха, биотуалетными комплексами, розетками, USB-портами для подзарядки мобильных устройств и индивидуальным освещением возле каждого места.

Кроме того, в вагонах предусмотрены микроволновые печи, холодильники, диспенсеры для питьевой воды, кипятильники, а в санитарном узле № 1 купейных вагонов имеются душевые смесители, предназначенные для обслуживающего персонала.

В штабных вагонах предусмотрены специальные купе для маломобильных пассажиров: увеличенная площадь позволяет удобно размещать кресла-коляски, а подъемные механизмы обеспечивают комфортную посадку и высадку. Современные вагоны адаптированы для всех категорий пассажиров – маломобильных граждан, семей с детьми, пожилых людей и международных туристов. Беспороговый вход позволяет заезжать на инвалидной коляске без посторонней помощи. Для семей с детьми в санузлах, не оборудованных душевой, установлены пеленальные столики.

Wi-Fi и USB-розетки у каждого места позволяют пассажирам оставаться на связи и пользоваться электроникой в течение всей поездки. Эргономичные поручни, светодиодное освещение, возможность индивидуальной регулировки температуры в купе и персональные сейфы обеспечивают дополнительный комфорт.

Внутренние покрытия выполнены из экологичных гипоаллергенных материалов, а системы обеззараживания воздуха помогают снизить риск распространения инфекций. Все вагоны адаптированы к эксплуатации в любых климатических условиях Казахстана, а вакуумные туалеты работают даже во время длительных стоянок.

Срок службы вагонов при надлежащей эксплуатации составляет до 40 лет.

К тому же обновление подвижного состава напрямую влияет на безопасность перевозок. В первую очередь снижается риск технических неисправностей вагонов, повышается уровень пожарной безопасности и улучшается безопасность пассажиров в пути следования.

Кроме того, современные вагоны адаптированы к экстремальным погодным условиям Казахстана – жаре, морозам и сильному ветру.

Наряду с обновлением подвижного состава в компании активно внедряются цифровые решения и новые сервисы, ориентированные на повышение удобства пассажиров.

**– В компании внедрено онлайн-табло движения поездов и продолжается развитие цифровых сервисов. Как это влияет на удобство пассажиров и какие новые решения планируется внедрить в ближайшие годы?**

– Казахстанские пассажиры получили возможность контролировать движение поездов удаленно. Новый цифровой сервис избавляет от необходимости ехать на вокзал или звонить в справочную службу, чтобы уточнить расписание или местонахождение поезда.

На каждый состав установлены GPS-датчики, координаты с которых непрерывно поступают в круглосуточный ситуационный центр компании. А также в поездах уже успешно работает собственный мультимедийный развлекательный портал для пассажиров, контент которого постоянно обновляется, а сама платформа развивается с учетом современных требований к комфорту.

Ключевым этапом модернизации в 2026-2027 годах станет масштабное оснащение пассажирских составов высокоскоростным спутниковым Интернетом. Благодаря внедрению спутниковых технологий пассажиры смогут пользоваться Интернетом на протяжении всего маршрута независимо от покрытия мобильных операторов. Активно разрабатывается специализированный онлайн-сервис поиска забытых вещей. Сейчас пассажиры обращаются через WhatsApp, однако в перспективе планируется запуск полноценного автоматизированного портала.

В настоящее время активно прорабатывается вопрос внедрения бортового питания. Ранее реализованный пилотный проект получил большое количество положительных отзывов пассажиров, подтвердив востребованность данной услуги.

Также в поездах планомерно внедряются дополнительные сервисные решения. Для семей с детьми рассматривается организация специальных манежей и игровых зон. Для повышения комфорта в дальних поездках предусматриваются душевые, качественные спальные комплекты и индивидуальные подушки путешественника. Пассажирам также становятся доступны гигиенические и чайные наборы, а в плацкартных вагонах – специальные шторы для создания приватного пространства.

**– Какие меры принимаются для повышения клиентоориентированности и качества обслуживания пассажиров?**

– Обществом внедрены стандарты обслуживания пассажиров, регламентирующие требования к работе поездных бригад, внешнему виду персонала, подготовке составов, а также порядку действий в нестандартных ситуациях.

Для обеспечения высокого качества перевозок утверждено положение о постоянно действующих комиссиях по подготовке поездов к рейсу. Комиссии контролируют техническое состояние вагонов, исправность оборудования, качество уборки и полную экипировку составов.

Вагоны обеспечиваются мягким съемным инвентарем, который



проходит обязательную стирку при высоких температурах и регулярную дезинфекцию. Уборка проводится как перед отправлением, так и в пути следования с использованием современного оборудования. Организовано питание в вагонах-ресторанах, вагонах-барах и купе-буфетах на 26 маршрутах. Также проводится пилотный проект по внедрению бортового питания.

Особое внимание уделяется созданию доступной среды для маломобильных пассажиров. Пассажирские поезда оснащаются специализированными инвалидными колясками, размещенными в штабных вагонах и предоставляемыми бесплатно. Для повышения качества сервиса регулярно проводится обучение поездных бригад по вопросам клиентоориентированности, коммуникаций, стрессоустойчивости и соблюдения этических норм.

Кроме того, в компании реализуется принцип «нулевой терпимости» к нарушениям: проводятся регулярные проверки поездов, особенно в пиковые периоды перевозок, а также организуются посадочные группы на станциях.

**– Как осуществляется контроль санитарно-эпидемиологического состояния вагонов?**

– Внутренняя уборка пассажирских вагонов проводится в пункте формирования и в пути следования согласно Стандарту по клинингу и оснащенности санитарно-гигиеническими средствами АО «Пассажирские перевозки». Перед отправлением каждый вагон проходит тщательную мойку и уборку с использованием современных чистящих средств, парогенераторов и профессиональных пылесосов. На внутренний клининг каждого вагона ежедневно выделяется от двух до трех часов. Перед отправлением комиссией филиалов проводится обязательная проверка качества уборки и оснащенности санитарно-гигиеническими средствами.

Кроме того, на поезда внутриреспубликанского сообщения продолжительностью до 50 часов направляются специально обученные мойщики-уборщики для поддержания санитарного состояния вагонов в пути следования.

**– Какие требования предъявляются к качеству постельных принадлежностей и сервису в пути?**

– С начала 2019 года АО «Пассажирские перевозки» экипирует пассажирские вагоны в соответствии со Стандартом оснащенности вагонов «Требования к оснащенности пассажирских вагонов МСИ».

Во время стирки постельного белья температура обработки достигает 90 градусов, а при глажке – 180 градусов. Постельное белье проходит такую обработку после каждого использования. Кроме того, ежеквартально и по мере необходимости проводится дезинфекция матрацев, подушек, одеял, занавесок, штор и ковровых дорожек.

**– Планируется ли расширение услуги «женские вагоны» с учетом ее растущей востребованности?**

– С момента внедрения в 2021 году услуга «женские вагоны» ежегодно расширялась и охватила основные маршруты страны, включая запуск в 2025 году поезда № 614/613 по направлению Орал – Мангистау. В текущем году включение новых маршрутов пока не запланировано.

**– Какие меры принимаются для борьбы с безбилетным проездом?**

– В целях пресечения фактов провоза безбилетных пассажиров и неоформленного груза проводится комплексная работа. В компании реализуется принцип «нулевой терпимости» к работникам, совершающим противоправные действия.

В праздничные дни на станциях формирования пассажирских поездов организуются посадочные группы с участием руководителей филиалов и работников компании.

Кроме того, в период летних перевозок работниками центрального аппарата и филиалов проводятся усиленные проверки пассажирских поездов.

**– Какие меры приняты для подготовки к летнему периоду с учетом роста пассажиропотока? Какие направления являются наиболее востребованными в сезон отпусков и как регулируется повышенная нагрузка?**

– Подготовка пассажирского комплекса к летнему периоду ведется с учетом прогнозируемого роста пассажиропотока и повышенных температурных нагрузок. Для удовлетворения спроса на ключевых и курортных направлениях назначаются дополнительные сезонные поезда, а также увеличивается количество вагонов в составах регулярного сообщения.

Весь подвижной состав проходит обязательную техническую и санитарную подготовку. Проводятся ревизия, ремонт и заправка систем кондиционирования воздуха, проверяются системы фильтрации и вентиляции. В вагонах выполняются генеральная уборка и дезинфекция. С поездными бригадами проводятся дополнительные инструктажи по профессиональной этике и стандартам сервиса.

Наиболее востребованными направлениями в летний период остаются маршруты между Алматы, Астаной и Шымкентом, а также сообщения между западными и южными регионами страны, включая направления Алматы – Актобе и Алматы – Мангистау.

Для повышения транспортной доступности в летний период АО «Пассажирские перевозки» планирует запустить дополнительно 15 сезонных маршрутов. В направлении озера Алаколь будут назначены поезда № 54/53 и № 254/253 Астана – Достык, № 207/208, № 221/222 и № 211/212 Алматы-2 – Достык, № 457/458 Семей – Достык, № 459/460 Оскемен – Достык, а также дополнительные маршруты Алматы – Достык в составах поездов № 21/6942/6941/22, Кызылорда – Достык в составах поездов № 21/6942/6941/22 и Павлодар – Достык в составах поездов № 31/54/53/122/153.

Кроме того, дополнительные поезда будут курсировать по востребованным направлениям: № 201/202 Алматы-2 – Нұрлы жол, № 203/204 Нұрлы жол – Шымкент, № 219/220 Караганды – Балхаш, № 205/206 Актобе – Нұрлы жол и № 231/232 Алматы-2 – Семей.

**– Планируется ли назначение дополнительных поездов и развитие международных туристических маршрутов, включая Jibek Joly?**

– В 2026 году запланирован запуск шести туристических поездов Jibek Joly и Keruen Express в направлении Республики Узбекистан и Республики Таджикистан.

На сегодняшний день уже запущены четыре туристических поезда по маршрутам Алматы-2 – Туркестан – Самарканд – Ташкент и Алматы-2 – Туркестан – Душанбе – Самарканд – Ташкент.

Кроме того, в сентябре и октябре текущего года планируется запуск еще двух туристических поездов в направлении Республики Узбекистан по маршруту Алматы-2 – Туркестан – Самарканд – Ташкент.

**– Благодарим Вас за содержательную беседу и подробные ответы на актуальные вопросы развития пассажирских перевозок в Казахстане.**

*Руслан РАХМЕТОВ*

## Профилактика

### ЗА НАРУШЕНИЕ – СТАТЬЯ

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**
Астана

**Более 200 пассажиров сняли с поездов с начала года из-за нарушения норм общественного порядка.**



Наибольшее количество инцидентов в пассажирских поездах связано со злоупотреблением алкогольными напитками, зафиксировано 225 таких фактов. Также выявлено 17 случаев мелкого хулиганства и иные правонарушения.

Нарушители привлечены к административной ответственности и получили соответствующие штрафы.

Железнодорожники и транспортные полицейские призывают пассажиров соблюдать нормы общественного порядка, проявлять уважение к окружающим во время поездок.

В целом с начала текущего года выявлено порядка 34 тысяч административных правонарушений на объектах транспорта, в том числе 2 678 фактов приставания в общественных местах, 2 405 – распития алкогольных напитков или нахождения в состоянии опьянения, 1 201 факт загрязнения мест общего пользования, 20 фактов занятия незаконной предпринимательской деятельностью и другие.

### ОПАСНОЕ СЕЛФИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

**Сотрудники Костанайского филиала ТОО «ВЖДО» проводят рейдовые проверки вдоль путей с целью предотвращения несчастных случаев, когда школьники и студенты делают селфи на железнодорожных путях, создавая опасные ситуации.**

Подобные случаи, по словам директора филиала ТОО «ВЖДО» в городе Костанае Каната Отепова, учащаются с началом летних каникул. А потому для сотрудников военизированной железнодорожной охраны наступает горячая пора.

– Железнодорожный путь является зоной повышенной опасности, так как существует угроза наезда подвижного состава на людей. Люди забывают об этом и могут стать жертвой собственной халатности и невнимательности. Дети забираются на крыши вагонов, чтобы сделать селфи и попадают под удары высоковольтного напряжения. Родители должны предостерегать их от этого. И переходите железнодорожный путь только по пешеходному переходу, не подлезайте под вагоны для перехода занятого пути, не оставляйте детей без присмотра вблизи железной дороги, – говорит Канат Отепов.

В ходе своей работы сотрудники Костанайского филиала военизированной железнодорожной охраны и работники мобильной группы оперативного реагирования предотвратили ряд случаев, когда молодые люди выходили на железнодорожные пути ради селфи, напомнив, что железная дорога – не место для опасных фотографий.

### КОМУ ЗАКОН НЕ ПИСАН

**Анна ПАНИЩЕВА,**
Уральск

**Уральскими железнодорожниками совместно с сотрудниками отдела полиции на транспорте (ОПТ) по станции Уральск и ВЖДО проведен совместный рейд по недопущению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте на станции Жилаево.**



Перегон Уральск – Жилаево остается одним из самых травмоопасных, именно на данном участке в достаточном количестве установлены предупреждающие знаки и аншлаги. К сожалению, местные жители упорно их игнорируют.

В нем приняли участие заместитель начальника станции Жилаево Бейбт Ибрашев, инженер-технолог Гульмира Уразаева, ведущий инженер технического отдела Уральской дистанции пути Армат Рушанов, старший инспектор группы по профилактике правонарушений майор полиции Владимир Федунов, инспектор службы ОПТ на станции Уральск старший лейтенант Ролан Базарбаев, а также сотрудники мобильной группы оперативного реагирования (МГОР) военизированной железнодорожной охраны на станции Уральск Еркебулан Ахбалин и Рустам Кариев.

С самого начала участники рейда столкнулись с коровами. Одна была привязана возле служебного настила через железнодорожные пути. В ходе подворового обхода установили адрес, однако хозяина дома не оказалось. Адрес взят на карандаш ОПТ и МГОР ВЖДО. Чуть дальше местная жительница пасла свою буренку. Как оказалось, она караулила эту самовольницу в ожидании подмоги. Вскоре пришла дама постарше и совместными усилиями они загнали корову в загон. С ними провели профилактическую беседу без наказания.

Во время рейда также остановили нескольких взрослых, переходивших пути в неположенном месте, несмотря на деревянный настил всего в десяти метрах. Нарушителям разъяснили, что сначала выносится предупреждение, а за повторное нарушение предусмотрен штраф – 3 МРП (12 975 тенге в 2026 году). Некоторые пешеходы, заметив железнодорожников и полицию, пытались скрыться, но все равно пересекали пути в неположенных местах.

*Фото автора*

# АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

**Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Құлсары жол дистанциясының жолшылары темір жол бойындағы дала өртін сөндіруге атсалысып, магистральдық желінің және әрлі-берлі өтіп жатқан пойыздардың отқа орануына жол бермеді.**



Өндірістік оқыту шебері А.Сисенгалиеваның берген мәліметтеріне сүйенсек, 2026 жылы 26 ақпанда сағат 14:25-те жол диспетчері С.Батыроваға Рзд469-Шоқпартоғай аралығының 1258 шақырымында темір жолға жақын аумақта дала шөбінің жануы орын алғаны туралы хабар түседі. Осы хабарды естіген бойда ол қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудандық өрт сөндіру бөліміне және де тиісті лауазымды басшыларға хабарлаған. Сағат 14:26-да Құлсары қаласы 101 өрт сөндіру бөліміне және ПД-12 Б.Құрманбаевқа хабар беріліп, телім бастығының орынбасары Ж.Рзабаев, бас инженер С.Қойбағаровқа, дистанция бастығы Н.Байбосыновқа жағдай бойынша ақпарат уақытылы және белгіленген тәртіпке сәйкес жеткізіледі. Бас инженер С.Қойбағаров пен жол инженері Н.Қалабай оқиға орнына шұғыл жүріп кетеді де, Рзд469-Шоқпартоғай бекеттері аралығында темір жолдың оң жақ бетінде дала шөбінің жануы орын алғанын анықтайды. Сол бойда телімдегі жолдарды жабуды ұйымдастырып, басқа пойыздарға қауіп төнбеуін қамтамасыз етеді.

Оған дейін жол диспетчерінен хабар алған Рзд469-Шоқпартоғай аралығының жол шебері Б.Құрманбаев пен бригадир А.Сәдуақас және жолшылар – А.Құлғариев, Б.Айтқұл, А.Маратов, Қ.Молдағалиев, Е.Сайынов оқиға орнына жеткен бойда өртті сөндіре бастайды.

– Апат айтып келмейді. Дала шөбінің жануы қозғалысқа қауіп келтіргені рас. Сондықтан да оны тез өшіруге тырыстық. Алдымен сол маңда жүрген жол маманы Абат Құлғариев бірінші боп жетіп, өз бетімен өртті сөндіре бастады, сосын біз де жеттік, – дейді жол шебері Бейбіт Құрманбаев.

Тілсіз жау бір сағат ішінде құрықталды. Дегенмен біраз уақыттан кейін оқиға орнына өрт сөндіру автокөлігімен ПЧ-11 мекемесінің 10 жол жөндеушісі және ЭЧ-қызметкерлерінен 4 адам қолда бар құрал-жабдықтармен өртті сөндіруге жұмылдырылады. Мақат станциясынан №44 өрт сөндіру пойызы да 11 өрт сөндірушімен келіп, өрт сөндіру жұмыстарына қосылады. Осылайша, дала өрті толық сөндіріліп, оқиға салдарынан ешкім зардап шеккен жоқ. Жол мамандарының еңбегі еш кетпей, басшылық тарапынан Алғыс хатқа ие болды.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ**, *Атырау*
*Суретті түсірген автор*

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ ІС

**Шу локомотив пайдалану деподының басшылығы Шу ауданындағы Т.Рысқұлов атындағы орта мектеп түлектерімен кездесті.**

Кездесуде депо директорының орынбасарлары Мейірхан Бекжанұлы еңбек нарығында кәсіптік-техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары екенін айтып, дұрыс таңдау жасауға шақырса, Ғалымжан Дәулетұлы локомотив шаруашылығында еңбек ету мүмкіндіктеріне тоқталды.

Мамандар Шу локомотив пайдалану деподының құрылған кезден бергі тарихымен таныстырды. Соңғы жылдарда депо паркінің жаңа электровоз, тепловоздармен толыққанын, теміржолшыларға, оның ішінде жастарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларына тоқталды.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шу қаласында бірнеше буын ұрпағы болашағын шойын жолмен байланыстырған теміржолшылар әулеті көп. Мұндай отбасында өскен жастар темір жол тұрақты табыс көзі екенін жақсы біледі. Ал үлкен өмірге қадам басып, таңдау жасағалы тұрған басқа мектеп бітірушілерге сала мамандарының бағыт-бағдары керек. Кездесуде жастар машинист мамандығы, депода еңбек етудің артықшылықтары туралы сұрақ қойды. Сала басшылары жастарға қандай оқу орнында білім алуға болатынын түсіндіріп, кеңес берді. Сондай-ақ оқушыларға теміржол өткелдерінен өту кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау керектігін ескертті.

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА**, *Жамбыл*

# «E-OTINISH» – МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ПЛАТФОРМА

**Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын жан-жақты, сапалы қарау, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру прокурорлар жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2026 жылдың 4 айында көліктегі әкімшілік органдармен 30 935 жолданым тіркелген, бұл өткен жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда 39,1%-ға көп. Бұл – жеке және заңды тұлғалардың жылдан-жылға мемлекеттік органдарға деген сенімінің артуының нәтижесі.**

Бұл ретте мемлекеттік қызметтерді цифрландыру аясында енгізілген «e-Otinish» платформасының рөлі зор. Оның азаматтар мен мемлекет үшін негізгі артықшылықтары: жолданым берудің ыңғайлылығы, ашықтық, жолданым мен жауаптың заңды күші, бюрократияны азайту және кері байланыс. Әрбір азамат өзінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін әкімшілік органға жүгінуге құқылы.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі құралына айналған «e-Otinish» платформасының жұмыс істеп жатқанына 5 жыл толды.

2021 жылғы 1 шілдеде іске қосылған сәттен бастап «e-Otinish» платформасы барлық жолданым беру арналарын біріктіріп, біртұтас жүйеге айналды. Осындай қысқа уақыт ішінде ол жолданым беру процесін жеңілдетіп қана қоймай, мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл форматын түбегейлі өзгертті.

Пайдаланушылар сұраныстар мен шағымдар жіберіп қана қоймай, жолданым мәртебесін онлайн бақылап, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мәртебесін көріп, жауап сапасын бағалай алады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес енгізілген eOtinish.kz жүйесі және 2020 жылы қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жолданымдармен жұмыс істеу тәсілін формальды қараудан арыз иесіне бағдарланған форматқа ауыстырды.

Қазіргі таңда «e-Otinish» – бұл жай ғана сервис емес, бұл мемлекет пен азаматтар арасындағы толыққанды диалог арнасы. Жылдан-жылға халық тарапынан жоғары сенімг ие болып, платформа одан ары ыңғайлы әрі интеллектуалды бола түсуде. Соның ішінде жолданымдарды өңдеуді жеделдету және аналитика сапасын арттыру үшін «Жасанды интеллект» агенттерді енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» құру тек ұран немесе декларация емес, бұл – жергілікті атқарушы органдардан бастап орталық министрліктерге дейінгі барлық мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының үйлесімділігін талап ететін күнделікті жұмыс.

Бірлескен күш-жігер, табандылық және бұзудың кез келген түріне төзбеушілік арқылы ғана біз нақты және тұрақты нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Барлық жүйенің тиімділігі әрбір азаматтың құқықтары мен мүдделері қаншалықты жедел және сапалы қорғалатынымен өлшенетін болады. Біз жолданымдарды тіркеп қана қоймай, олардың мазмұнын терең талдауға, нақты және сапалы жауаптар беруге, сондай-ақ арыз иелерінің әрбір пікірі мен дәлелін ескеруге міндеттіміз. Тек ашықтық пен тұтынушыға бағдарланған осындай позиция ғана қоғам мен мемлекет арасында сенімді көпір құра алады.

Бүгінде жүйеге 26 мыңнан астам ұйым қосылған, ал жолданымдарды өңдеуге 380 мыңнан астам қызметкер жұмылдырылған. Жолданым берушілер саны 3,2 млн адамға жетті. Пайдаланушылар санының жыл сайынғы өсімі орта есеппен 42,6%-ды құрайды. Платформада бүгінгі күнге барлығы 17,4 млн-нан астам жолданым өңделді.

Бұл көрсеткіш сервистің танымалдылығын ғана емес, сонымен қатар азаматтар мен бизнес өкілдерінің кері байланыстың цифрлық құралдарына деген сенімін көрсетеді.

Жолданымды eOtinish.kz сайты, eGov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы, сондай-ақ ХҚКО-лар мен «Нәтиже» орталықтарында беруге болады.

**ҚР БП ҚСжАЕК**
**көліктегі департаменті**

# Спорт

**Турнир по бильярду среди железнодорожников прошел в Усть-Каменогорском клубе Masse, собрав представителей сразу нескольких предприятий региона.**



# ТОНКАЯ ИГРА, ТОЧНЫЙ РАСЧЕТ

Как отметила представитель Центрального совета «Казпрофжел» по Защитинскому региону Айгуль Жайлаубаева, турнир стал не только возможностью для коллег пообщаться в неформальной обстановке, но и отбором на более серьезный уровень.

– Участник, занявший первое место, представит наш регион на турнире по бильярду на Кубок председателя профсоюза, который пройдет 24-25 июня в Караганде. Это очень тонкий вид спорта, где важны не только техника, но и выдержка, – подчеркнула она.

Главный судья соревнований, судья республиканской категории Роман Волков перед началом игр объяснил участникам правила.

– Играем по системе «Пирамида», по турнирной сетке до двух поражений. Матчевая встреча идет до двух побед. То есть чтобы обыграть соперника, необходимо выиграть две партии, – рассказал он.

Турнир продолжался несколько часов. За это время участники успели продемонстрировать и точные удары, и умение просчитывать игру на несколько ходов вперед. Атмосфера при этом оставалась дружеской: игроки поддерживали друг друга и с интересом наблюдали за партиями коллег.

Для начальника отдела первой линии поддержки (ОПЛП) «Защита» Азамата Бекпаева участие в турнире железнодорожников стало дебютом.

– Поиграть с коллегами – это уже большой опыт, да и просто интересно. Когда-то, в 2005-2006 годах, играл с друзьями, а потом времени не было. Сегодня решил поддержать коллег. Бильярд, действительно, – очень тонкая, интересная игра. Надо правильно играть, уметь чувствовать грани: или сильнее ударить, или мягче, – поделился он.

По итогам турнира первое место занял Сунгат Ешенханов из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо ТЧЭ-22. Второе – также у представителя ТЧЭ-22 Есжана Кабдолова. Бронзовым призером стал начальник станции Усть-Каменогорск Бейбит Окусханов.

**Ольга УШАКОВА**, *Усть-Каменогорск*
*Фото автора*

# САДАҚ АТУДАН СЫНҒА ТҮСТІ

**Шығыстағы теміржолшылар қауымы арасында тұңғыш рет ұлттық спорттың садақ ату түрінен бөлімше біріншілігі болып өтті. Командалық есеп бойынша өткізілген іс-шараға желі бойынан жалпы саны сегіз мекеменің өкілдері қатысып, өзара шеберліктерін сынға салды.**

Садақ ату – соңғы уақыттарда семейліктер арасында жақсы дамып келе жатқан спорт түрі. Жас талғамайтын, артық физикалық даярлықты талап етпейтін осынау ұлттық өнерге теміржолшылар қауымының да мықтап ден қоя бастағаны аталмыш біріншілік барысында анық байқалды.

Әр команданың құрамында іріктелген үш мергеннен болды. Бұл ойынның да өзіндік ереже, талаптары бар. Әрбір бақ сынаушы мергенге бес байқап көру және тағы да бес мәрте қорытынды көздеу ұсынылды. Ал жалпы ұпай саны мергендер жинаған ұпай бойынша есептелді.



Алғашқы біріншілік болғандықтан да абдырау болғанымен жалпы барлық ойыншылар шебер түрде өнер көрсетті. Осылайша ақтық сайыста тек үздіктер ғана мәреге жете алды. Атап айтсақ, бірінші орынды ӘТЖК Семей филиалының жігіттері жеңіп алды. Екінші орынға ВЧД-23 мекемесінің садақшылары тұрақтаса, жүлделі үшінші орынды ЭЧ-18 мекемесінің мергендері ие болды.

Дәл осы ойынмен бірге өткізілген арқан тарту сайысында бас жүлдені ПЧ-39 жолшылары алса, екінші орынға ТЧЭ-24, үшінші орынға ӘТЖК Семей филиалының құрыш білекті жігіттері жайғасты.

Бөлімше біріншілігінің соңында барша жеңімпаздар салалық кәсіподақ ұйымының тарапынан әзірленген қомақты ақшалай сыйлықтармен және арнайы дипломдармен салтанатты түрде марапатталды.

Садақ ату бойынша сайыстар өткізу алдағы уақыттарда да жоспарланып отыр. Ал бұл жолғы біріншілікте өнер көрсеткен үздіктер қалалық және облыстық деңгейдегі түрлі жарыстарда теміржолшылар атынан қатысатын болады.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ**, *Семей*
*Суретті түсірген автор*

# МАТЧ ЗА МАТЧЕМ

**В Павлодаре прошел турнир по мини-футболу среди железнодорожников узла Павлодар.**

У работников стальной магистрали Павлодарского Прииртышья практически каждую неделю проходят соревнования по различным видам спорта. Одна из любимых игр железнодорожников – футбол. Встреча футболистов, как и в предыдущие турниры, прошла ярко, зрелищно, эмоций добавили и болельщики. На сегодня на спортивном олимпе лидируют железнодорожники ВЧД-16.

В итоге первое место заняла команда ВЧД-16, второе – у команды ЭЧ-13 и третье – завоевала команда ПЧ-32. Номинации: «Лучший вратарь» – Бекзат Егеубаев (ШЧ-24), «Лучший бомбардир» – Диас Калел (ВЧД-16), «Результативный игрок» – Нуржан Назымбек (ЭЧ-13), «Лучший защитник» – Делшат Харитонов (ВЖДО), «Лучший нападающий» – Ринат Қалқабек (ТЧ-18).



**Айдана ЕРТАЙ,** *Павлодар*
*Фото автора*

# НАШИ СЕРЕБРЯНЫЕ ПРИЗЕРЫ

**На прошедшем в Уральске четвертьфинале республиканского шахматного турнира Senat Open 2026 по ЗКО уральские железнодорожники стали серебряными призерами среди государственных служащих и работников национальных компаний.**



Турнир Senat Open, организованный РОО «Казахстанская федерация шахмат» и поддержанный Сенатом Парламента Республики Казахстан, проводится уже третий год, и с каждым годом число его участников растет. Как отметил международный арбитр Валерий Мин, в регионе существенно повысился уровень шахматистов, а шахматное движение региона активно развивается. В шахматных баталиях участвуют депутаты маслихатов, государственные служащие, работники культуры, здравоохранения, образования, правоохранительных органов и национальных компаний, в том числе АО «НК «ҚТЖ» с рейтингом в любой из категорий – классика, рапид, блиц – на 1 января 2026 года не выше 2 000.

Общее руководство по проведению соревнования осуществляется филиалом РОО «Казахстанская федерация шахмат» по Западно-Казахстанской области. Проводится турнир по правилам ФИДЕ по швейцарской системе в 9 туров по 10 минут плюс пять секунд за каждый ход. При равенстве очков у двух и более участников места с учетом коэффициента Бухгольца, фактического количества побед, результата личной встречи и тайбрейка.

В этом году в областном этапе четвертьфинала турнира приняло участие свыше 200 шахматистов области, прошедших отбор в 1/8 финала в феврале. От филиалов АО «НК «ҚТЖ» выступила команда из восьми работников филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақтөбе» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону, в том числе ветеран отрасли Владимир Мирошников.

По итогам четвертьфинала открытого кубка Сената-2026 среди государственных служащих и работников национальных компаний ЗКО по быстрым шахматам серебряными призерами стали менеджер по персоналу Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақтөбе» Гульжан Аманова и отраслевой региональный ревизор по безопасности движения Нурлан Мулдагалиев. Он также вошел в число 35 лучших шахматистов области и получил путевку в сборную ЗКО на региональный полуфинал турнира в Актау, который состоится 6 июня. Финал республиканского турнира пройдет 27 июня в Астане.

**Анна МАРЬИНА**, *Уральск*
*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

**Басылымның таралымы 8 000**
**Газет сейсенбі,**
**жұма күндері шығады.**

**Жауапты хатшы**
**Ерболат Тілеубергенов,**
**тел.: +7 702 5795768**

**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Жамбыл:** Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61

**Газет басылатын қалалар:**
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.